

Ж. Опшан
Е.Қ. Белгожа

ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: zhan918@mail.ru

XVIII ғасырдың 50-60 жылдары Қазақ-Цин сауда қатынасында сауда жәрменкелерінің ашылуына қазақ хандығының ықпалы

Аңдатпа. XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы мен Цин патшалығы сауда қатынасындағы «жылқыға жібек саудасы» екі ел арасында мемлекеттік деңгейде жасалған халықаралық сауда болып саналады. Аталған сауданың басталуы мен дамуы сауда жасаушы әріптестердің қажеттілігіне байланысты қалыптасып, дамыды. Қазақ хандығы билеушілері ел экономикасының негізі болған мал шаруашылығын онан әрі дамытып, сол арқылы мал өнімдерін сатып, халықтың күнделікті қажетін қанағаттандыруға қажетті базар мәселесін шешуді мақсат етті. Цин патшалығы болса енді ғана жаулап алған Жоңғариядағы билігін тұрақтандырудың қамына кірісті. Цин патшалығы бұрынғы Жоңғар хандығы аумағындағы өз билігін сақтап қалу үшін қорғаныс, тың игеру, шаруашылықты жандандыру міндеттері күн тәртібінде тұрды. Бұл төрт түлік малға, әсіресе жылқыға болған сұранысты тез арада шешуді талап етті. Осындай екі жақтылы қажеттіліктен қос тарап өзара тиімді сауда қатынасын дамытуды жолға қойды. Аталған тақырып Отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан зерттеу тауып келеді. Дегенмен тақырып төңірегінде қордаланған тарихи мәселелердің күңгірт тұстары әлі де көп. Тарихи деректердің толық жарияланбауы қалыптасқан жағдайдың туындауының ең басты себептерінің бірі. Біздің мақсат сондай әлі де болса күңгірт тұрған сауалдардың жауабын іздеу болып отыр.

Осы зерттеудің нәтижелері – XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы сауда барысында бір қатар сауда жәрменкесі ашылды. Жәрменке алғашында Үрімжіде болса, кейін келе Құлжа, Шәуешек, Кобда қатарлы жерлерде ұйымдастырылды. Аталмыш сауда жәрменкелердің ашылуы Қазақ хан, сұлтан, билері мен батыр қолбасшыларының құлшынысымен тіке қатысты болды. Сауда жәрменкесінің ашылуы, сауда керуендерін жүргізу қатарлы келелі істерді қазақ хандары, сұлтандары, билері мен батырлары кеңесіп шешті әрі өз елінің мемлекеттік мүддесін қорғауды қашанда бірінші орынға қойып отырды. Мақала аталған кезеңде қалыптасқан қытайдың тарихи деректерін пайдалана отырып, сауда кезінде Қазақ хандығы билеушілерінің сауданың қалыптасуы мен дамуында, соның ішінде сауда жәрменкелерінің ашылуы мен дамуында атқарған тарихи рөлін нақты деректер арқылы ашып көрсетуді көздейді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы; Цин патшалығы; жылқы және жібек саудасы; Сауда жәрменкелері; Үрімжі; Құлжа; Кобда; Шәуешек; Қашқар; Үліңгір.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-137-4-77-91>
Түсті: 23.06.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 21.09.2021

Кіріспе

Еуразияның далалық аймағында мемлекет құрған көшпенділер елі мен Қытай арасындағы сауда қатынасының тарихи тамыры тым тереңнен бастау алады. XVIII ғасырдың 50 жылдарына дейін Цин патшалығының далалық аймақтағы ең мықты бәсекелесі – Жоңғар хандығы билік құрып келді. Аталған тарихи кезеңде Қытайда билік құрып отырған Цин патшалығы өзінің батыстағы көршісі Жоңғар хандығымен үнемі қақтығысқа түсіп отырды. Соғыс толастаған тұстары сауда жасап тұрды. Екі ел арасындағы мұндай сауда көшпенділер мен Қытай елі арасында Ғұн дәуірінен бері қалыптасқан дәстүрге сай Қытайдың шекаралық аумағындағы қалаларда жасалды.

XVIII ғасырдың 50 жылдарынан бастап Цин патшалығы Жоңғар хандығын жойып жіберуге кірісті. Бұл кезде Жоңғар хандығы Қазақ хандығынан жеңіліп, ішкі жақта саяси дағдарысқа түсіп әбден қалжыраған кез еді. Сондықтан, Цин патшалығы үшін Жоңғар хандығын жою соншалықты қиын болған жоқ. Осылайша Цин патшалығы Жоңғар хандығын жойып, артынша Қашқарияны жаулап алғаннан кейін, бұған дейін атын ғана естіп келген Орта Азия елдерімен көрші болып шыға келді.

Өкінішке қарай, Цин патшалығы Жоңғар хандығын жойғаннан кейін, бұрындары Жоңғар хандығының ықпалы жеткен жердің бәрін енді Цин территориясы деп санайтын агрессивті пиғыл танытты. Олардың бұл пиғылы соңғы кезде Жоңғар хандығының шабуылына ұшыраған Қазақ хандығын өз ішіне алған Орта Азия елдерінің елі мен жерінің тұтастығына тікелей қауіп төндірді. Осындай күрделі жағдайда Қазақ хандары Жоңғар хандығын сақтап қалып, оны Цин патшалығына тосқауыл ретінде пайдаланғысы келді. Осы мақсатта Қазақ хандығы Цин патшалығынан жеңіліп, жан сауғалап қашып келген Жоңғардың соңғы билеушісі Әмірсананы паналатты. Айтулы уақиғаға байланысты Цин патшалығы мен Қазақ хандығы арасында әскери қақтығыстар орын алды. Көп ұзамай қазақ хандары

«Әмірсананың және Жоңғар хандығының дәурені келмеске кеткенін, өз іргесіне ақыры келіп жеткен жойқын күшпен санасып, Қазақ елінің мүддесін дипломатиялық жолмен қорғау қажет екендігін, Цин патшалығымен бітімге отыру керек екендігін түсінді» [1, 7 б.]. Мұндай бітімге Цин патшалығы да мүдделі болғандықтан, бұл бастаманы қуана қабылдады.

Сөйтіп, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында түрлі деңгейдегі байланыстар орнай бастады. Солардың бірі екі ел арасында қалыптасқан «Жылқыға жібек саудасы» болды. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы мұндай сауда біртіндеп қалыптасып, орнықты түрде дамыды. 1758 жылы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы алғашқы сауда Үрімжіде болды. Осыдан кейін 1760 жылы Іледе (Құлжада), 1762 жылы Қобдада, 1765 жылы Тарбағатайда (Шәуешекте) сауда жәрменкелері ашылды.

Зерттеу әдістері

Мақалада талдама, салыстырмалы талдау, мәтінді таратып жазу, өмірбаяндық әдіс, Ұлы дала тарихы мен мәдениетіне қатысты тың тарихи деректемелік материалды айқындау тәсілдері қолданылды.

Талқылау

1757 жылы 18 шілде күні Абылай хан елшілері Цин патшалығының Жоңғар хандығын жаулап алуға аттандырған қолбасыларының бірі, хебе амбан Фудэмен кездесті. Кездесу кезінде қазақ елшілері өз тарапының Цин патшалығымен сауда жасау туралы өтінішін жеткізді. Цин патшалығы уәкілдері бұл мәселеге нақты жауап берген жоқ, қарсылық та танытпады. Әйтседе хебе амбан Фудэ өзінің Еркесара деген адамын Абылаймен келіссөз өткізуге жіберді. Елшілікке аттанар алдында хебе амбан Фудэ Еркесараға: «Егер Абылай хан сауда мәселесін қозғап жатса әскери газармада дайын тауар жоқ, сауда жасау үшін саудагерлерге тапсырма беріп ұйымдастыру керек екенін айт» деп тапсырма берді [2, 543 б.].

1757 жылдың қыркүйек айында Еркесара Абылайханмен кездесіп, келіссөздер өткізді [2, 548 б.]. Келіссөзде Абылай хан сауда жасау мәселесін нақты түрде көтеріп, сауда мәселесі бойынша өз талаптарын ортаға қойған. Екі жақтылы талқылау кезінде басты мәселенің бірі сауда жәрменкесі өтетін орынды нақтылау болды. Аталған мәселе бойынша Абылай хан өзіне ең қолайлы жерді таңдай отырып, сауда жәрменкесі Үліңгір көлінде (Қазіргі ШҰАР Алтай аймағында) болса деген талабын ортаға қойды. Бірақ қарсы тарап ол жердің өздеріне өте алыс екенін, тасымал жұмыстары қиындық тудыраынын алға тартып, өз ұсынысын айтты. Ақыр соңында қос тарап сауда жәрменкесі Еренқабырға – Үрімжі жерінде болсын дегенге келісіп, сауда келер жылы қыркүйек айында болсын деп келіседі [2, 548 б.].

Алайда, Цин патшалығы елшілері өз еліне қайтып келгеннен кейін, Цин патшалығының Патша ордасында сауда жәрменкесі болатын жерді белгілеу мәселесі бойынша пікір талас болады. Бір топ адам Үрімжі алыс, тасымалға қолайсыз, тауар бағасы өсіп кетеді, сондықтан Тұрпанда жасайық деген пікірді ортаға қояды. Оған қарсы топ сауда болатын жерді өзгертсек қазақтарға сеніміміз кетіп қалады; Тұрпанда мұсылмандар көп, қазақтар сауданы солармен жасап кетуі мүмкін. Нәтижесінде түрлі даудамай мен жаңжалдар туындатуы ықтимал, біз мұндай күтпеген келеңсіздіктердің алдын алуымыз керек. Ал Еренқабырға - Үрімжі жері бос жатқан иен дала, ол жерде мұндай мәселе туындамайды, т.б. деген пікірді ортаға қояды. Осындай пікір таластан кейін Цин патшалығы ақыр соңында сауда жәрменкесін Үрімжіде ашатын болып шешеді [3, 300 б.].

Цин патшалығының сауда жәрменкесін Еренқабырға - Үрімжіде өткізу шешімін жасауға көптеген себептер әсер етті. Ең басты мәселенің бірі Цин патшалығы Жоңғарияны жаулап алғаннан кейін, онда әскери тың игеру ісін қолға ала бастаған болатын. Осы мақсатта олар бұған дейін Үрімжіні тың игеруге қолайлы жердің бірі ретінде белгілеген еді. Цин патшалығы үшін Үрімжідегі тың игеру ісін жүргізіп, алдағы уақытта ол жерді өзінің берік бекінісіне айналдыру бәрінен маңызды

болды. Егер Үрімжіні сауда жәрменкесі өтетін жер етіп белгілейтін болса, бұл шешім олардың тың игеру мен қорғанысқа қажетті жылқы, өндіріс көлік мәселесін бірден шешуге көмегі тиетініне көз жеткізді. Сөйтіп, сауда жәрменкесін Үрімжіде өткізу шешімі ондағы тың игеру ісіне серпін бертініне толық сенім артты.

Аталмыш жер Цин патшалығының аймақтағы ең үлкен базасы болған Тұрпан қаласына жақын болуы назардан тыс қалған жоқ. Сонымен бірге жәрменкені Үрімжіде өткізу туралы қазақтарға бұған дейін айтып қойғандықтан, олар жәрменке өтетін жерді өзгерту «жат елдіктер» алдында сенімнен айырады деп саналды.

Цин патшалығы үкіметінің Қазақтармен жүргізген саудасы Цин патшалығы орталық билігі тікелей монополиялап отырған мемлекеттік деңгейдегі сауда болды. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында басталған «Жылқыға жібек саудасының» ең басында Цяньлуң патша болды. Тура сол сияқты Қазақ хандығында аталған сауданы қазақ хандары мен сұлтандары, батырлары мен билері тікелей басқарып, өз монополиясын жүргізіп, тұтас сауданы бір топ адам тікелей ұйымдастырып отырды.

Сауданы ұйымдастыруға байланысты Цин патшалығы жылдың белгілі бір уақытында, белгілі бір жерде ғана сауда жасауды ұйғарды. Бұл Қытай билігінің тауар жеткізу, қауіпсіздікті сақтау сияқты көптеген факторларды ескеруінен туындаған шешім болатын. Сауда жәрменкесі болатын жерді белгілеуде Қазақ хандары өздеріне жақын әрі жер сырына қанық, қорғанысқа қолайлы, әлде қандай келеңсіз жағдай орын ала қалғанда тез қимылға көшуге ыңғайлы стратегиялық маңызы бар жер ретінде Ертіс (*Қара Ертіс*) пен Үліңгір көлі (*Үрүңгу, Қызылбаш көлі*) маңын көрсетті. Аталған мәселеде Цин патшалығы мүддесі бірінші орынға қойылуы себепті Қазақ хандарының бұл ұсынысын қанағаттандырмады. Ақыры соңында екі жақ бастапқы сауданы Үрімжіде жасауға келісті.

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы бұл сауданың сипаты Цин патшалығы үкіметі монополиялаған

мемлекеттік деңгейдегі сауда болғандықтан, Цин патшалығы билігі аталмыш саудаға жергілікті халықты араластырмаудың жолдарын қарастырды. Сол себепті Цин шенеуніктері жергілікті халықты аталған саудадан шеттетуге тырысты. Мысалы, сауда жәрменкесін Тұрпанда ашу туралы пікір талас болған кезде жергілікті тұрпандықтардың көптігін, әрі саудагер халық екенін ескеріп, егер жәрменке Тұрпанда өтетін болса жергілікті тұрпандықтардың саудаға араласуынан «келеңсіз дау-жаңжал шығады» деген сылтау айтылды. Керісінше Үрімжі «иен жатқан жер» болғандықтан сауданы өздерінің еркін бақылауына қолайлы болатыны тілге тиек етілді. Бұл жәйттерге қарағанда сауда жәрменкесін Үрімжіде өткізу Цин патшалығының қазақтармен жасалатын жылқы саудасына өз монополиясын күшейту және Цин шенеуніктері өз пайдасын көздеуден туындаған деуге тура келеді.

Нәтижелер

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында бұған дейін қол жеткен келісім бойынша бірінші сауда 1758 жылы шілде айында Үрімжіде жасалады деп белгіленген болатын. Бірақ, кезекті сауда уағдалы уақытта жасалған жоқ. Оның ең басты себебі, қазақтардың саудаға кешігіп келуіне байланысты болды. Төрт түлік малдың бабын жақсы білетін қазақтар үшін шілденің шілінгір ыстығында үйір-үйір жылқы айдап, қағыр таулар мен шөл далаларда айлап жүріп Үрімжіге бару мүлде тиімсіз еді. Бұл туралы 1759 жылға жататын бір деректе «Қазір дәл жаз кезі, шыбын-шіркей көп, құба шөлден жүріп өту өте қиын. 7-айдан кейін ғана барып [мал айдап] жол жүруге болады делінеді [5, 60 б.].

Сондықтан, қазақтар алғашқы сауданың өзінде Үрімжіге межелі уақытта баруды жөн санаған жоқ. Керісінше екі ай кешігіп күн салқындап, мал семірген күз айында баруды шешті. Сөйтіп, қазақтар тарапынан жасалған алғашқы саудаға Қабанбай өз ұлы Едіге мен інісі Төметайды жіберді.

Дей тұрғанмен, қазақтардың алғашқы саудаға бару мақсаты тек ғана сауда жасап пайда табуды көздемеген еді, керісінше оның басқа да мақсаттары болғаны белгілі. Бұл туралы соңғы кезде жарияланған мәнжу тіліндегі мұрағат құжаттарында нақты түрде мәліметтер сақталған. Сол мәліметтер бойынша болғанда Қабанбай жіберген кезекті саудагерлер тек ғана сауда жасау мақсатында ғана бармаған. Олардың сауда жасаудан да маңызды мақсаты – өздерінің болашақ әріптестері туралы толық мәліметтер алып қайту болған. Қабанбайдың ұлы Едіге мен інісі Төметайдың мұндай мақсаты туралы Цин патшалығы шенеуніктері де алдын ала мәліметтер жинап, біраз нәрсеге көз жеткізген. Соңғы кезде жарияланған мәнжу тіліндегі мұрағат құжаттары қорында сақталған 1758 жылы 9 қазанда жазылған бір мәлімдемеде: «Қабанбай өз ұлы Едіге мен інісі Төметайға 50-ден астам адамын бастатқызып, [біз жіберген?] елшімен бірге Букучағанның ұлын Үрімжіге айдап апарып, ол жердің қаншалықты қашық екендігін және саудагерлер санының қаншалықты екендігін білу үшін келе жатыр. Олар өздерімен бірге 500-дей жылқы айдап келе жатыр. Оларды қарсы алу үшін хия Батыр мен араха-хафан лауазымды солаң Чоры жіберілді. Наван әлі Қазыбектің жерінде екен, Абылайға кезіге алмапты» [5, 40 б.] деген мәліметтер біраз мәселенің басын ашып береді.

Қабанбайдың өз ұлы Едіге мен інісі Төметайдың бастауындағы 57 адамдық сауда керуенін жіберуінің мәні туралы келесі бір мәнжу құжатында да хабарланған. Аталған құжатта бұл туралы мәліметті Қара-барақ өз аузымен айтып бергені жазылған. Онда: «Былтыр біздің Қабанбай өз ұлы Едіге мен інісі Төметайға 50 ден астам адам қосып беріп, Үрімжідегі сауданың жағдайын бақылап келгізген. Сол Едігелер қайтып келгеннен кейін бізге: «Біздің Қазақ жерінен Үрімжіге бару үшін бір айдай уақыт кетті, арадағы жол тым ұзақ екен. Оның үстіне, онда үлкен бір атпен екі киім ғана шығатын бір топ жаман торғын алмастырып алады екенсің» деп келді. Оны естіп біздің елдегі адамдардың барлығы

Үрімжіге сауда істегісі келмей қалды» делінеді [5, 60 б.; 6, 58 б.].

Сапасыз, «жаман торғын» мәселесі аталған сауда да ең басты кінәраттардың бірі ретінде көтерілді. Бұл кінәрат кей кездері қазақтармен арадағы сауданы жүргізуші Цин патшалығы шенеуніктерінің жемқорлығынан туындап отырды. Сөйтіп, 1759 жылы болған сауда кезінде қазақтар мен Цин патшалығы саудагерлері арасында тауар сапасына қатысты жаңжалдар орын алды. Тауар сапасына қатысты бұл іс Цянлун патшаның алдына дейін барды. Ақыры патша жіберген арнаулы уәкілдердің тергеуі кезінде кезекті сауданы атқарушы патша шенеунігі Мантайдың алаяқтыққа барған қылмысы анықталып Мантай Үрімжіде өлім жазасына үкім етіліп, жазаланды [7, 42 б.]. Дегенмен тауар сапасы мәселесі түбегейлі шешімін тапқан жоқ.

Бұған дейінгі зерттеулер бойынша Қабанбай батырдың сауда керуеніндегі бастаған 57 адам, Үрімжіде 380 жылқы сатып, оған 219 орам жібек мата айырбастап алған. Желтоқсанда Абылайдың ұлы Орыс сұлтан бастаған 4 адам 162 жылқы сатып, оған 102 орам жібек мата айырбастап алған [4, 80 б.].

Цин патшалығы алғашқы сауданың өзінде неғұрлым көп пайда табуды көздегені белгілі болды. Олар қазақ жылқысының бағасын төмен ұстап отырды. Қатысты мәліметтер бойынша «Ішкі Қытайдан сатып алынған есек пен сиырдың құнын қазақ жылқысының құнымен салыстырып көргенде, Ішкі Қытайдан алынған бір сиырдың ақысымен төрт қазақ жылқысын, ал бір есектің ақысымен екі қазақ жылқысын сатып алуға болатын болған» [2, 633 ц., 14-15 бб.; 5, 17 б.]. Бұл енді нағыз теңсіз сауда болатын.

Ал осындай арзан бағамен алған қазақ жылқыларын Цин шенеуніктері тың игеру үшін Шыңжаң жеріне жіберілген қарапайым қытай бұқараларына жоғары бағамен сатып, орасан көп пайда көріп отырған. Мысалы қазақтардан 2-3 лян (сәрі) күміс ақшаға шағып торғынға айырбасталып алынған 3-дәрежедегі жылқыларын қайтадан 8 лян күміс ақшаға бағаланып әлгі тың игеруші қытайларға сатып отырған [2, 655ц., 15 б.; 5, 17-18 бб.].

Цин патшалығының баға саясатында қолданған мұндай сұрқия саясаты қазақтардың қытаймен сауда жасауға болған қызығушылығын төмендеткен. «Біздің Қазақ жерінен Үрімжіге бару үшін бір айдай уақыт кетті, арадағы жол тым ұзақ екен. Оның үстіне, онда үлкен бір атпен екі киім ғана шығатын бір топ жаман торғын алмастырып алады екенсің» деп келді. Оны естіп біздің елдегі адамдардың барлығы Үрімжіге сауда істегісі келмей қалды» [5, 60 б.] деген мәліметтер сондай жайтты нақты көрсете алады.

1759 жылға жататын келесі құжаттар Цин патшалығы баға саясатының қазақтарға тиімсіз екені Қазақ билеушілерінің де назарына іліккенін, әрі баға туралы өз саудагерлеріне нақты тапсырмалар берілгені сөз болады. Соның ішінде 1759 жылдың 5 қыркүйегі күнгі бір құжатта: Абылай, Қожаберген және Қазыбектің атынан келген қазақ саудагерлері «Осы рет біз келерде Абылай бізге «Бұл реткі сауда бұрынғыларға ұқсамайды, сіздер еселеп пайда көріп, бұрын алмаған заттарды алуларың керек» дегенді тапсырғаны айтылған. Сонымен бірге «Егер былтырғыдай болса, онда біз саудаласпай-ақ кері қайтып кетеміз» дегенді ашық ортаға қойған [5, 66 б.].

Бұл туралы Қазыбек пен Қожаберген батырдың пікірі де бір ауызды болып келеді. Бұл жағын біз: «Таяуда біз өзіміздің қазағымыз Қазыбекке кездесіп қалғанда, ол бізге: Мұндағы сауда былтырғыдай, баға қосылмаған. Егер [мұндағылар] осылай былтырғы бағаны ұстап, [жылқының бағасын] бір тиын да өсірмесе, онда біз сауда жасамай-ақ дереу кері қайтамыз» [5, 69 б.] деген мәліметтен көреміз.

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында Үрімжіде болған сауда 1758 жылы қыркүйекте басталып 1765 жылға дейін болып, бас аяғы 8 жылға жалғасты. Осы жылдар арасында Үрімжіге барып сауда жасаған адамдардың арасында Қабанбайдың ұлы Едіге мен Қабанбайдың інісі Төметай, Абылай ханның ұлы Орыс сұлтан, Қазыбек, Жанқұтты, Құттыбай, Аталай т.б. адамдардың аты аталады. Олар жеке-жеке Әбілпейіз хан, Абылай хан, Хамбаба, Қабанбай батыр,

Кесте 1. Қазақтардың Үрімжі жәрменкесінде жасаған саудасы. [5, 40 – 116 бб.].

Қатысты мәліметтер жазылған уақыттың Қытай күнтізбесіндегі жыл көрсеткіші	Қатысты мәліметтер жазылған уақыттың Қазіргі жыл көрсеткіші	Сауда керуенін жіберуші	Керуен басы	Саудаға келген адам саны	Жылқы саны
Цяньлун жылнамасының 23 жылы 9-айдың 7 күні	1758 жылыдың 8-қазаны	Қабанбай батыр	Қабанбайдың ұлы Едіге және Қабанбайдың інісі Төметай	57	500
Цяньлун жылнамасының 23 жылы 10-айдың 25 күні	1758 жылдың 27-қарашасы	Абылай хан	Жарғы(?), Мәсі(?) қатарлы адамдар	?	1062
Цяньлун жылнамасының 24 жылы 7-айдың 4 күні	1759 жылдың 11-тамызы	Қожаберген батыр	Қожабергеннің інісі Қазыбек және Өмір батыр	260 тан астам	2400
Цяньлун жылнамасының 24 жылы 7-айдың 4 күні	1759 жылдың 11-тамызы	Дәулетбай, Бердеш	Белгісіз	Белгісіз	1000 нан астам
Цяньлун жылнамасының 24 жылы 7-айдың 14 күні	1759 жылдың 2-қыркүйегі	Абылай хан, Әбілпейіз, Қожігер	Қазыбек, Басырқу?, Байбұрған	60 тан астам адам	400 (мінген аттарын қоқанда)
Цяньлун жылнамасының 24 жылы 7-айдың 14 күні	1759 жылдың 2-қыркүйегі	Абылай хан	Өмір, Батыр, Атақы?, Сүйіндік	200 ден астам адам	2000-нан астам
Цяньлун жылнамасының 24 жылы 10-айдың 28 күні	1759 жылы жылдың 29-желтоқсаны	Қабанбай батыр, Абылай хан	Балапан, Орман	82 адам	600
Цяньлун жылнамасының 25 жылы 2-айдың 22 күні	1760 жылдың 7-сәуірі	Әбілпейіз?	Айтан, Байтан		473
Цяньлун жылнамасының 25 жылы 10-айдың 19 күні	1760 жылдың 7-қарашасы	Абылай, Әбілпейіз	Танаш, Бұрыбай (?), Нориябай (?), Нияз және екі Ташкенттік сарт саудагер	10 неше адам	918
Цяньлун жылнамасының 25 жылы 12-айдың 27 күнінен Цяньлун жылнамасының 26 жылы 1-айдың 2 күні аралығы	1761 жылдың 2-қаңтар мен 6-қаңтар аралығы	Қожаберген, Қабанбай	?	130 адам	875
Цяньлун жылнамасының 26 жылы 2-айдың 11 күні	1761 жылдың 16-наурызы	Абылай Қожаберген батыр	Матаң, Құралбай т.б.	100 ден астам адам	800 ден астам

Қожаберген батыр, Қара-Барақ қатарлылар атынан барған адамдар болып келеді. Жәрмеңке болған сегіз жыл ішінде Үрімжі жәрменкесіне Қазақ хандығынан 2789 адам саудаға барып, шамамен 22742 жылқы, 110 сиыр, 3500 қой апарып, жалпы жиыны 16860 жылқы, 3000 нан астам қой мен 100 ден артық сиыр сатқан [4, 80 б.].

Үрімжі жәрменкесіне сегіз жылда жасалған саудаға қатысты бұған дейін жасалған бұл сандардың соншалықты нақты емес екені белгілі. Соңғы жылдары құпия мұрағат құжаттарының айналымға түсуіне байланысты бұған дейін күңгірт болып келген мәселенің ашылуына мүмкіндік беріп отыр. Осы орайда бұл деректер Үрімжідегі сауданың нақты ахуалы туралы қатысты мәліметтерді де толықтырып отыр.

Тыңнан айналымға түскен мұрағат деректері бойынша жасалған жоғарыдағы кестеден біз қазақтардың екі жылдан сәл артық уақыт ішінде Үрімжідегі жәрменкеге 11 мыңнан астам жылқы апарғанын көре аламыз. Әрине, бұл да нақты сан емес. Себебі, біз бұл кестені Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ғалымдары тарапынан жарық көрген еңбекке енген мұрағат құжаттары негізінде жасадық [5, 40 – 116 бб.].

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы елдері арасында халықаралық сауда қатынасы орнағаннан кейін сауданың қарқыны тездеп, сауда мөлшері арта түсті. Бірақ, сауда жәрменкесінің Үрімжіде өтуі қазақтар үшін өте алыс болғандықтан мал апару да, алған тауарларын елге жеткізу де жеңіл болған жоқ. Бұл мәселені 1758 жылғы Едіге мен Төметай ашық ортаға қойды. Бұл жәйтті: «Едігелер қайтып келгеннен кейін бізге: Біздің Қазақ жерінен Үрімжіге жету үшін бір айдай уақыт кетті. Арадағы жол тым ұзақ екен» деген мәліметтен анық көре аламыз [5, 60 б.].

Қазақ хандары тарапынан сауда жәрменкесін шекара аймаққа жақын маңда ашу туралы ұсыныс бұдан кейін де жиі көтеріліп отырды. Алайда, Цин патшалығы қазақтардың бұл бастамаларын ескеру және оны орындауға ешқашан асыққан жоқ. Сауда нүктесін шекараға жақын маңға көшіру Цин патшалығының бұрынғы Жоңғар

хандығы аумағындағы билігін нығайтып алу мақсатындағы қорғаныс, әскери тың игеру, бекіністер мен қарауыл бекеттер тұрғызу қатарлы бір қатар шаралары өз мәресіне жеткеннен кейін ғана күн тәтібіне енгізілді.

Бұл кезде Цин патшалығының сауда қатынасын дамытудағы мақсат-міндеттері бастапқы мәнін өзгерте бастады. Жоғарыда айтылғандай сауданың бастапқы кезінде Цин патшалығы аймақтағы өз билігін нығайтуға қажетті жылқыға болған сұранысты қамтамасыз етуді басты мақсат етті. Уақыт жылжып 1760 жылға жеткенде қазақтардан айырбастап алған жылқы, сиыр мен қойды әскери қажеттілікке пайдаланудан тыс, бір бөлігін алып қалып, арнаулы фермалар құрып, мал өсірумен айналыса бастады, сонымен бірге Шаньси-Ганьсу генерал губернаторы аумағындағы қорғаныс және өндіріс істеріне жіберіп отырды. Бұдан өзге кеше ғана өздері геноцид жасап тоздырып жіберген жоңғар тайпаларының шаруашылық істерін қалпына келтіруге көмек берді.

1760 жылы Цин патшалығы Іледе әскери бекініс тұрғызу, әскери тың игеру ісін күн тәртібіне қойды. Бұл шара қорғаныс пен өндіріске қажетті жылқыға болған сұранысты күрт арттырып жіберді. Алғашында ондағы қажеттілікті шешу үшін Үрімжідегі жәрменке кезінде қазақтардан айырбастап алған жылқылардың бір бөлігін Ілеге жөнелтіп отырды. Бірақ, бұл Іледегі сұранысты мүлде өтей алмады.

Дегенмен, Цин патшалығының Іледе тың игерумен әскери бекініс тұрғызуы қазақтардың сауда жасауға болған құлшынысын арттырды. Үрімжіге қарағанда бұл жер Қазақ даласымен іргелес жатуы қазақтарға көп қолайлы болды. Осыған байланысты қазақтар 1760 жылдың өзінде Құлжаға бара бастаған. 1760 жылы желтоқсан айының 8 күні жазылған бір құжатта Құлжаға сауда жасай келген қазақтардың бұған дейін «өз ниетімен сауда жасағылары келген қазақтар болса, осында келіп әділ сауда жасасын» деген патша жарлығы болғанын алға тартып, патшалықтың ондағы шенеуніктеріне сауда жасау туралы талап қойғаны айтылған [5, 99 б.]. Осы деректің өзі патшалық бұған дейін

Құлжаны қазақтармен сауда жәрменкесі ретінде белгілегендігін көрсетеді. Дегенмен, Цин патшалығының Құлжа жәрменкесін ашуды, олардың аталған аймақты толықтай өз ықпалына алу стратегиялық жоспары орындалғаннан кейін ғана жүзеге асырылды, әрі алдағы жерде Құлжаны тұтас аймақтың сауда орталығы ретінде қалыптастыру мен оның орнын сақтап тұру мақсатында барлық шараларды қолданды.

Қытайдың тарихи деректерде Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы сауда қатынасында сауда жәрменкелері болатын жерлер Цин патшалығы шешімімен белгіленіп отырғаны баса көрсетіледі. Солай дегенмен, айтулы мәселеде қазақтардың атқарған рөлі толық бағаланбай келеді, оны Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы сауда жәрменкелерінің қалыптасуы кезеңінде болған тарихи шындықтар толық дәлелдей алады. Жоғарыда көрсеткен тарихи фактілер де бұл туралы біраз жәйттің басын ашып көрсетіп береді.

Ал енді Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы келесі бір сауда жәрменкесінің Улястай генерал-губернаторының орталығы Қобда қаласында ашылуы бүтіндей Қазақ хандығының бастамасымен, Қазақ хандығы билеушілерінің талаб-тілегі бойынша ашылған еді. Аталған сауда жәрменкесі 1761 жылы ашылып, әрі оның ашылуы тікелей Абылай ханмен байланысты болды.

Көптеген жәйттерге қарағанда Цин патшалығы Жоңғарияны жаулап алғаннан кейін Қазақ хандығын өзінің аймақтағы ең ірі бәсекелесі ретінде санағандықтан, олар Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайын өз назарына ұстап, қазақтармен арада орын алуы мүмкін кез-келген проблемаларды қадағалап, түрлі болжамдар жасап отырған. 1761 жылы Қытай шенеунігі Агуй өзінің Патшаға жолдаған бір мәлімдемесінде қазақтардың Моңғол жеріне барып сауда жасамақшы болып жатқанын тілге тиек ете бастаған. Бұл туралы «Цин Гаоцзун орда естеліктерінің» 1761 жылға жататын мазмұнында: «Қазіргі кезде Қалқа мен Урянқайда мал өсіру жолға қойылып отыр. Егер қазақтар Тарбағатайдан жолға шығып, жаңадан жасалған қарауылдар

арқылы сауда жасар болса, бұл олар үшін ең төте жол болып есептеледі. Егер олар Солтүстік бағыт арқылы сауда жасайтын болса, онда Құлжа, Үрімжі қатарлы жерлерді қажетті жылқымен қамтамасыз ету қиынға түседі. Сондықтан, мұндай әрекетке тиісті шектеу қою керек» деген ұсыныстарды ортаға салған [2, 641 б.]. Цяньлун патша аталған іске қатысты өз пікірін білдіріп пәрмен берген. Ол Агуйдің бұл бастамасын қолдаған, әрі аталған мәселені шешудің жолдарын көрсете отырып, 1761 жылы тамыздың 25 күні арнаулы патша жарлығын түсірген. Аталған патша жарлығында: «Қазіргі таңда біздің Іле, Үрімжі сынды жерлерде шоғырланған армиямызға, сондай-ақ сол жерлердегі біздің тың игеру ісімізге қажетті жылқылардың барлығын қазақтармен арадағы сауда арқылы айырбастап аламыз. Егер біз қазақтардың солтүстік бағытта сауда жасауына тиым салмасақ, онда олар ыңғайлылығына қарай барлығы сол жаққа сауда үшін барады да, Іле мен Үрімжі жерлерінен еш қандай жылқы айырбастап ала алмай қаламыз. Сондықтан Ченгунжаб мына бұйрықты шекара аймағындағы амбандарға, жасақтарға, қарун қорғаушыларына және тәйжілерге жеткізсін» делінген [5, 134 б.].

Мұндай мазмұндағы құжат «Гаоцзун патшаның орда жазбалары» атты еңбектің 1761 жылдың тамыз айына қатысты жазбасында былайша жазылған: «Агуйдің мәлімдемесінде айтқандары шындық. Шетелдіктермен арадағы сауда үкімет тарапынан жасалуы керек. Егер олардың еркіне көніп, солтүстік бағытта сауда қатынасы орнайтын болса жаулап алған жаңа жерде жылқы мәселесі қиындайды, сонымен бірге сауда кезінде қарыз алу, қарыз қайтару сияқты мәселелерде келіспей жаңжалдар туындап, істің соңы насырға шабуы бек мүмкін. Аталған мәселе бойынша Ченгунжабқа патша жарлығы жеткізілсін. Ол әр жердегі патша уәзірлеріне, жасақтарға, қарауыл бекеттердегі қарауыл басыларына, тәйжілерге хат жолдап қазақтармен сауда жасауға болмайтындығын хабарласын. Егер олар сауда жасау үшін келіп жатса, қарауылдағылар оларға: «Біздің жерде мал көп, мал саудасы жасалмайды»

деп ескертіп кері қайтарып жіберетін болсын [2, 641 б.].

Цин патшалығының осы жердегі мақсаты қазақтардың Қобдада сауда жасауына тосқауыл жасап, Құлжаны негізгі сауда орталығына айналдыру болатын. Соған қарамастан қазатар Цин патшалығының бұл шектеуіне қараған жоқ. Олар өздеріне ыңғайлы мүмкіндіктерді қарастырып отырды. 1762 жылдың 6-шы айында Абылайдың елшілері Уластай аумағына барып жетті. Олар патшаға тартуға апара жатқан тоғыз аттан басқа, 400 жылқы айдап келіп Қобдада сауда жасамақ болған. Цин патшалығының аймақтағы жерлік шенеунігі Ченгунжаб бұған дейін келіп түскен патша жарлығы бойынша олардың бұл әрекетіне тосқауыл жасаған. Бірақ, осы кезде Цяньлун патша қазақтардың Қобдада сауда жасауына қатысты ұстанымын өзгерте бастады. Ол: «Қазақтардың солтүстік бағытта сауда жасауына болады, Іле, Уластай барлығы да Цин патшалығының территориясы, оларды бір-бірінен алабөтен қарастыруға болмайды. Оның үстіне солтүстік бағыттағы қамбаларда Юнчжэн патша билік жүргізген заманынан (1722-1735 жж.) бері сақтаулы тұрған тауар бар, сол тауарларды қоймада босқа шірітіп жібергенше, жылқыға айырбастап жіберген пайдалы» деп пәрмен берді.

Цяньлун патша тағы: «Батыс жақты қоныстанған қазақтардың қоныстары Іле, Үрімжі қатарлы жерлерге жақын, олар сонда барып сауда жасасын. Абылайдың қоныстары Губанчарға жақын, оған солтүстік бағытпен жүру ыңғайлы, сондықтан олар Уластайға келіп сауда жасағысы келсе, сол жерде сауда жасауына болады» [2, 664 б.]. Цяньлун патшаның аталмыш жарлығы шын мәнінде қазақтардың Қобдаға келіп жылқы саудасын жасау қадамдарын заңдастырып берді.

Цин патшалығының қазақтардың Қобдаға сауда жасауға рұқсат беруінің ең басты себебі қазақтармен арадағы сауданы патшалықтың монополиясында ұстап отырудың жолын қарастырудан туындағаны анық. Себебі, Цин патшалығы бұған дейінгі Үрімжі жәрменкесін ұйымдастыру кезінде Қазақтар мен тұрпандықтардың өзара сауда жасауына кедергі жасап отырды. Сол сыяқты бұл жолы

қазақтар мен уранқай, қалқа моңғолдарының сауда жасауына тосқауылдар қойды. Осы мақсатта патша билігі қазақтарды да, жергілікті моңғолдарды да Қобда қаласында ғана сауда жасау туралы арнаулы белгілемелер шығарды.

Қазақ хандығының мал өнімдерін экспорттау мақсатындағы әрекеті Қобдамен ғана шектеліп қалған жоқ. Қытайдың бірінші мұрағатында сақталған мәнжу тілді құжаттар мазмұнына қарағанда Абылайға қарасты қазақтар 1762 жылдары Ертіс бойында моңғолдармен сауда жасап тұрған [5, 133-135 бб.]. 1763 жылдары Абылай хан Ертіс бойында сауда жасау үшін өз керуендерін жіберген. Алайда бұл сауда Цин патшалығы жерлік мансаптысы Чатакэ тарапынан тосқауылға ұшырап кері қайтарылған.

Қазақ хандары өз елінің мал өнімдерін тиімді бағаға сату үшін Алтай тауының арғы және бергі бетіне керуендер жүргізумен шектелмеген. Олар жіберген керуендер легі бір кездері Қашқарияға дейін барды. Мұрағат құжаттары берген мәлімет бойынша қазақтар бұған дейін қырғыз және қашқариялық саудагерлермен бірге Қашқарға елшілер жібергені анық болып отыр.

Қатысты мәліметтерге қарағанда Қашқарға барған қазақтар Қазақстанның Оңтүстік өңірінің адамдары болғаны белгілі болып отыр. 1762 жылы 1 шілдеде жазылған бір құжатта: Әлгінде, Қашқарлық хуэйцзы (мұсылман немесе сарт) және Қарғачи есімді чоңбағыш бұрытпен бірге келген қазақ биі Түлек, Қарақойкелді қатарлылар жіберген Басан есімді елшісі маған, патшаның құлына келіп сәлем берген соң былай деді: «Біздің елдегілер Қашқар мен Йеркент жерлеріне амбандар бекініп, жергілікті істерді басқарғаннан бері жер-жердегі тайпалардан саудагерлер толассыз сонда баруда дегенді естіген соң, біздің билеріміз: «Қазіргі ұлы патша керемет адам, ол сен қайсы тайпаның адамысың демей, барша жұртқа тең қарайды, сондықтан барлық тайпалардың халықтары оның боданы болып жатыр. Біз, қазақтар осыдан бұрын Хуэйцзи жеріне барып көрмегенбіз. Дегенмен, қазір онда ұлы цзянцзюнь бекінген екен, сондықтан біз сені сауда жасап жүрген

бұрыттармен және хуэйцилдермен бірге сонда жіберіп, патшаның амандығын тілеп, амбандармен дидарласып, оларға сыйсияпат жасасақ дегенді ұйғардық» деді де бір-бірден жылқы тапсырып, оларды сыйлық ретінде амбандарға апарып беріңдер деді. Сонымен қатар олар маған: «Еліміздегілер түгелімен шат-шадыман өмір сүріп жатыр дегенді жеткіз» деп тапсырды. Осы себеппен олар мені осылай арнайы жіберді» [8, 125 б.] делінген. Аталған елшілер өздерімен бірге 20 неше жылқы, 40 неше қой ала келген. Цин патшалығының Қашқардағы патша ұлығы олардың бұл малдарын салықтан босата отырып сатып берген және Түлек пен Қарақойкелдіге және елшілерге жібек мата сыйлап жолға салған [8, 126 б.].

Араға тура бір жыл салып 1763 жылы шілде айының 6 күні жазылған бір құжатта Абылайға қарасты Шөмей, Игілік биге қарасты елшілердің келгені жазылған. Қашқардағы хебей-амбан Юнгуэй олардың Қашқарда сауда жасауына рұқсат еткен. Аталмыш мұрағат құжат мазмұнында: Әлгіңде қазақ Абылайға қарасты Шөмей, Игілік би сындылардың немере інілері Дербісәлі мен Телес сынды адамдар пақырыңыз бізбен кездесуге келіп, әуелі патшаның аман-есендігін тілеген соң, бізге былай деді: «Біздің ел қазір Шу жерінде қоныстанған. Біздің биіміз ертеректе Абылаймен бірге ұлы патшамен қарым-қатнаста болған. Біз бұрын Ақтау жерінде тұрып, Іле, Үрімжі және Баркөл сынды жерлерге барып сауда жасайтынбыз. Шу жеріне көшіп келгеннен кейін біздің биіміз, асылы, ертерек Қашқарға адам жіберіп, ұлы патшаның аман-есендігін сұрап, сіздер, ұлықтармен бет көрісіп, сауда ісі туралы мәлімдеу керек еді. Алайда жолдың жағдайын білмегендіктен, ол адам жібере алмады. Өткен қыста Бекқожа сынды Қашқарлық хуэйцзы саудагерлер біздің ауылға сауда істеп барған. Біздің биіміз сол кезде-ақ бізді осылай жібермек болған. Алайда тау жолы қар болды. Қазір міне қар еріп, аталмыш саудагерлер де заттарын сатылып болып, кері қайту орайын пайдаланып, биіміз біздің ұлы патшаның аман-есендігін тілеп, сіздер, ұлықтарға сәлемдесуге және сыйлыққа екі жылқы тарту

етуге жіберіп отыр. [Билеріміз] жол таныс болғаннан соң ғана сауда ашпақ, сол себепті осы рет олар бізді хуэйцзы саудагерлерімен бірге жіберіп отыр. Келген екеуіміз торқа-кездеме айырбастап алу мақсатында орайды пайдаланып өзімізбен бірге 100 жылқы мен 150 қой әкелдік» делінген. Қашқардағы хебей-амбан Юнгуэй олардың әкелген малын салықтан босатып сатуына көмектескен. Сонымен бірге Шөмей мен Игіліктің әр біреуіне жарты топ торқа, екі топ шайы, ал Дербісәлі мен Телестің әрбіреуіне жарты топ жуан жіпті торқа сыйлаған [9, 160 -161 бб.].

1763 жылы 13 тамызда жазылған келесі бір құжатта Абылайдың сауда жасау туралы өз атынан елші жібергені айтылған. Аталған құжатта: әлгіңде қазақ Абылай Байхото(?) - Қазыбек есімді адамын пақырыңыз менімен кездесуге жіберіпті. Ол адам Абылайдың тарту еткен бір сыйлық атын маған тапсырып, маған былай деді: «Бұрын біз хуэйцзылермен ешқандай қарым-қатынаста болмағанбыз және саудагерлерімізді мұнда жіберуден тартынатынбыз... Міне Абылай мені Қашқарға жіберіп, өз сәлемін жолдап, Қашқарға сауда ашу ісі туралы ойын жеткізіп отыр». ... Сонан соң олардың 92 жылқысына қатысты сауда салығын кешіріп, Абылайға бір топ торқа сыйладық, сондай-ақ Байхото (?) - Қазыбекке жарты топ торқа сыйлап, оған қонақасы беріп қайту жолына салдық [9, 178 б.] делінген.

Солай дегенмен Цин патшалығы қазақтардың Қашқарияда сауда жасауына да мүдделі емес екенін таныта бастаған. Олар қазақтарды Құлжа мен Тарбағаттайда сауда жасауға мәжбүрлеп отырған. Мұнда да қазақтардың қашқарлықтармен өз алдына сауда жасауынан қорқып, жылқы саудасына болған мемлекеттік монополияны сақтап қалу көзделді. Қашқарға барған қазақтарға да Ертіс бойындағы қитұрқы әдістер қолданылды. Әуелі қазақтардың қашқариялық жерлік саудагерлермен саудаласуына тиім салу, қазақ мал өнімдерінің бағасын түсіру амалдары қолданылды. Сөйтіп, 1765 және 1767 жылдары қазақтардың Қашқарияда сауда жасауы туралы нақты белгілемелер жасалып, шектеу шаралары кемелдене түсті. Цин патшалығының бұл шаралары қазақтардың

Қашқарияға барып сауда жасауға болған белсенділігін төмендетті.

Соған қарамастан бұдан соң қашқариялық саудагерлердің Қазақ жеріне барып сауда жасауы тіркелді. Цин патшалығы олардың да жолын кесіп отырды. Бірақ, бұл табиғатынан саудагер қашқарлықтарға жасалған әділетсіз шешім болды. Ақыры қашқариялық мұсылмандар Бурут (қырғыз), Анджан, Қоқан қатарлылармен ғана сауда жасайтын болсын, Іле мен Тарбағатайдағы жәрменкеде қазақтармен ғана сауда жасалатын болсын деген мазмұндағы белгілеме шығарылып, заңдық күшіне енгізілді.

Қытайдың аталған дәуірге қатысты әдебиеттерінде бұл туралы нақты деректер бар. Сол деректерде Батыс аймақтағы шет елдердің Шынжаңға келіп сауда жасауы туралы нақты белгілемелер тіркелген. Мысалы, «Қазақтар Іледе сауда жасады; Буруттар Қашқарда сауда жасады; Үндістандықтар Еркентте сауда жасады; Кіші жүз, Үргеніш тайпалары Іле қатарлы жерлерге келіп сауда жасап тұрды» деп жазылады [10, 93 б.]. Бұл туралы еліміз ғалымдары бұған дейін өз еңбектерінде тілге тиек етіп келеді [11, 46-47 бб.]. Бұл әрине Цин патшалығы мен Орта Азия елдері арасындағы сауда қатынасы бір қалыпқа түсе бастаған кездегі жағдай болып саналады.

Цин патшалығы қазақтардың өздеріне қай жер ыңғайлы болса сол жерге барып сауда жасауына тосқауыл қою үшін қазақтарға ең жақын жерден Тарбағатай жәрменкесін ашуына тура келді. Осы мақсатта Цин патшалығы Тарбағатайда әскер тұрғызып бекініс тұрғызуды қолға алды. Қазақтар бұл жердің өздеріне Құлжадан да жақын әрі қолайлы екеніне қызықты, әрі Цин патшалығынан Тарбағатайда сауда жәрменкесін ашуды талап етті. Цин патшалығы бұл талапты қабыл көрді. Алайда Цин патшалығы шенеуніктері Құлжадағы сауданы бәсеңдетпес үшін Тарбағатайдағы сауда мөлшерінің артуына қолдан жасалған кедергілер ұйымдастырып отырды. Бұл жолы олар кіші кірім саудагерлермен ғана сауда жасап, үлкен саудагерлерді Құлжаға жіберудің жолдарын қарастырды, сонымен қатар қажетті тауарлардың түрлерін азайту, әсіресе қазақтар арасында өтімді тауарлардың

мөлшерін шектеу қатарлы қитұрқы әдістерді іске асырып отырды.

Көшпенділер мен отырықшы елдер арасындағы сауда қарым-қатынасы тарихында сауда жәрменкелері әдетте шекара маңындағы қалаларда ұйымдастырылып отырды. Алайда, жоғарыда баяндап көрселілгендей Цин патшалығы мен Қазақ хандығы арасындағы сауда жәрменкелерінің ашылуы бұл өлшемге сәйкес келе бермейді. Үрімжідегі сауда жәрменкесі ашылуы алдында ол жердің иен дала екені айтылады. Ал Құлжаның жағдайы да сондай болды. Іле маңында алғашында тек Цин патшалығының шекарашы қосындары тұрақтай бастады. Ал Тарбағатайдағы жағдай 1764 жылдан кейін ғана күн тәртібіне қойылды. Осындай тарихи фактілер бізге Үрімжі, Құлжа, Шәуешек қатарлы қалалардың іргесінің қалануы мен аймақтағы ірі сауда орталықтарына айналып гүлденіп-көркейе түсуі қазақтардың мал саудасымен тікелей байланысты болғанын көрсетіп берді. Егер сауда ісі дамымағанда аталған қалалардың орны әскери бекіністен әрі дамымас еді.

Қорытынды

Цин патшалығы Жоңғар хандығын жойғаннан кейін алға қойған негізгі стратегиялық мақсаты жаулап алған жерде өз билігін тұрақтандыру болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, олар өзінің шекаралық аймақтарына әскер тұрғызып қауіпсіздікті сақтау, тың игеріп, әскер мен шенеуніктердің тұрмыстық мәселелерін шешуді жедел түрде жүргізді. Алайда, Цин патшалығы Жоңғар хандығын жоюы патшалықты жаңа мемлекеттермен шекараластырды. Бұл оларға жаңа көршілермен арада туындаған жаңа мәселелерді шешу міндетін жүктеді. Сондай мәселердің бірі саяси-қарым қатынастар болса, келесісі сауда қарым-қатынастары болды.

Цин патшалығының жаңа көршілерімен арадағы сауда қарым-қатынасының ең басты мазмұнының бірі Қазақ хандығы мен арадағы «Жылқыға жібек саудасы» болды. Цин патшалығының Қазақ хандығымен арадағы қарым-қатынастарды дамытудағы мақсатын

көп жақтылы қарастыруға болады. Ең бірінші, Цин патшалығы Қазақ хандығымен сауда және саяси қарым-қатынасты дамыту арқылы бай әрі бақауатты Қазақ хандығын Патшалық Ресей империясының шығысқа қарай жылжуына тосқауыл ретінде пайдаланғысы келуін айтуға болады. Мал шаруашылығы ерекше дамыған Қазақ хандығының төрт түлік малын сауда арқылы өздерінің жаңа территориядағы экономикалық және әскери әлеуетін арттырудың қажеттілігіне пайдалану да басты мақсаттың бірі болды. Цин патшалығы Қазақ хандығы билеушілерінің сауда жасау туралы сұранысын Цин патшалығының мемлекеттік мүддесін қорғауға шебер пайдалана білді, әрі сауда жасауды дәнекер ете отырып Қазақ хандығы мен арадағы саяси байланыстар мен ынтымақтастықты арттыру арқылы жаңа аймақта өзінің түрлі мүддесін қорғап, жаңа көршілері арасында Цин патшалығының имиджын қалыптастырды.

«Жылқыға жібек саудасының» қалыптасуы мен дамуы кезінде Қазақ хандығы өзінің мал өнімдерін саудалауға қажетті теңдессіз үлкен базарды ашты. Сауда кезінде қазақтар өздерінің өндіріс пен тұрмысына қажетті тауарға қол жеткізе алды. Ең бастысы мал өнімдеріне болған үлкен сұраныстың болуы қазақтардың мал шаруашылығын дамуына серпін берді.

Екі ел арасындағы сауда барысында Қазақ хандығы сауда жәрменкесі өтетін жердің белгіленуіне Қазақ хандығы көп ықпал етті. Әйткенмен нақты шешім қабылдауда Цин патшалығы өзінің айтқанын орындауға тырысып отырды. Мысалы алғашқы сауда жоспарланған тұста Абылай хан Қазақ жеріне жақын, жер жағдайы қазақтарға таныс, қауіпсіз аймақ саналған Қара Ертістің бойы мен Үліңгір көлін таңдады. Бірақ, бұл ұсыныс орындалмай, сауда жәрменкесі Үрімжіде өтетін болды.

Сөйтіп, сауда жәрменкелері енді ғана Цин патшалығына қарасты болған аумақта жасалатын болды. Жоғарыда айтылғандай бұл Орталық Азия көшпенділерінің Қытаймен сауда жасауда атам заманнан бері жалғасқан үлгісі еді. Тарихи деректер бізге Ғұн империясының, Түркі қағанаттарының, Моңғол дәуірі қарсаңындағы көшпенділер

мемлекеттерінің Қытайдың шекаралық аймақтарындағы маңызды сауда кенттерінде «жылқыға жібек» айырбастағанын хабарлаған. Қазақ хандары Цин патшалығымен сауда жасауда сол ескі дәстүрді жалғастырды.

Алайда, Қазақ хандығы сауда жасауда көршісінің емеуіріне қарап ырқына жүгірген жоқ. Көбінесе өз дегенін жүзеге асыра алды. Қазақ хандары Қобдаға, Қара-Ертіс бойына, Қашқарға, Құлжа мен Шәуешекке алғаш сауда керуендерін жіберген кезде олар Цин патшалығына ешқандай ескерту жасаған емес. Міне осы тұрғыдан алып айтқанда Қазақ хандығы аталған сауда жәрменкелерін ашушы және оны дамытып халықаралық деңгейге жеткізуші ретінде бағалануы керек.

Цин патшалығы Қазақ хандығы билеушілерінің бұл саясатына қарсы өз тарапынан шешімдер шығарды. Олар әуелі Үрімжідегі сауда жәрменкесінің, кейін келе Құлжадағы жәрменкенің статусын сақтап қалу жолында түрлі шараларды қолданып, қазақтарды Үрімжі мен Құлжаға барып сауда жасауға мүдделі етті.

Қысқасы, Цин патшалығы Қазақ хандығымен арадағы сауданы саяси мақсатта пайдаланды. Сауданың сәтті дамуы Цин патшалығы енді ғана жаулап алған жердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының орныға түсуіне оң әсер етті. Олар қазақтардан сатып алған жылқы арқылы патшалықтың әскери әлеуетін көтеруге қажетті жылқы мен тың игеруге қажетті егіс көліктері мәселесін шешті. Бұдан тыс мал шаруашылығын дамытуға пайдаланып арнаулы жылқы фермаларын ашты. Бұл патшалық енді ғана жаулап алған Жоңғар хандығы жұртына өз билігін жүргізуіне зор көмегін тигізді. Цин патшалығы үшін осының өзі үлкен игілікті жетістік саналуға тиісті еді. Бірақ сауданың тыңғылықты жүргізілуі патшалыққа ырғын пайда әкелді. Олар арзан бағалалы Қазақ мал өнімдеріне ие бола отырып, ішкі нарықта оларды қымбатқа сатып үлкен пайдаға кенелді. Бұл Цин патшалығын қазақ мал шаруашылық өнімдеріне тәуелділігін туындатты. Мұндай тәуелділік қазақтардың ұзақ мерзімдік тұрақты базарға болған сұранысын қанағатандыруға мүмкіндік тудырды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Еженханұлы Б. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I-том / Б. Еженханұлы / Б. Еженханұлы. - Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2009. - 456 б.
- 2 Цин Патшалығы орда тарихшылары. Гаоцзун шилу (Ұлы Цин династиясының Цяньдун патшаның шынайы жазбалары). - Бекин: Чжунхуа шуцзюй баспасы, 1985. -1500 б.
- 3 Чжан Тинъю. Хуанчао уэньсянь тункао (Патшалықтың жалпы тарихы мен құжаттарына зерттеу және сыни сараптама) / Чжан Тинъю. - Ханчжоу: Чжэцзян гуцзи чубаньшэ, 2000. - 300 б.
- 4 Ван Си. Циндай Улумуци Хасакэ мао и дә лянгэ уэньти (Цин Патшалығы дәуірінде Үрімжіде қазақтармен арада болған саудаға қатысты екі мәселе) // Си-юй яньцзю - 1991. -Т. 2. - № 2. - Б.79-84 .
- 5 Еженханұлы Б. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I-том / Б. Еженханұлы. - Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2009. - 362 б.
- 6 Еженханұлы Б. Қожаберген батыр. / Б. Еженханұлы. - Алматы: Арыс, 2017. - 496 б.
- 7 Чжао Вэйбин. Цин юй Хасакэ ханьго чусы цзяньван –Цзяньи шычэнь Маньтай шэнпин(Цин патшалығы мен Қазақ хандығы арасындағы алғашқы барыс-келістер: Патша уәзірі Мантайдың өмір-баяны туралы) // Си-юй яньцзю. - 2016. - № 1. - Б.35-42.
- 8 Еженханұлы Б. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, II-том / Б. Еженханұлы. - Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2012. - 460 б.
- 9 Еженханұлы Б., Ошан Ж. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, II-том / Б. Еженханұлы, Ж. Ошан. - Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2012. - 420 б.
- 10 Цзи Хуан, Лю Юн. Цинчао тунчжи (Цин династиясының энциклопедиялық тарихы) / Цзи Хуан, Лю Юн. - Шанхай: Шан у иньшу гуань, 1935. - 126 б.
- 11 Хафизова К.Ш., Моисеев В.А. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII - первая треть XIX вв. / К.Ш. Хафизова, В.А. Моисеев. - Нур-Султан: Наука, 2020. - 344 с.

Ж. Ошан, Е.К. Белгожа

Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Влияние Казахского ханства на появление торговых ярмарок в рамках казахско-цинских торговых отношений в 50-60 гг. XVIII века

Аннотация. Во второй половине XVIII века торговля между Казахским ханством и Цинской империей, так называемая «шелк за коня», имела статус межгосударственной торговли. Эта торговля формировалась и развивалась благодаря потребностям торговых партнеров. Правители Казахского ханства стремились к дальнейшему развитию животноводства, которое было экономической основой страны, для удовлетворения повседневных потребностей населения продавали продукты животноводства и тем самым решали рыночные проблемы. Цинская империя завоевала Джунгарию и начала укреплять свою власть на данной территории. Сохраняя свою власть в Джунгарии, в целях укрепления обороны, освоения земель и развития скотоводства, Цинская империя должна была решить проблему спроса на все виды скота, в частности на лошадей. Ввиду двусторонней необходимости возник вопрос развития взаимовыгодной торговли. Исходя из этой двусторонней потребности, обе стороны поставили перед собой цель - развивать взаимовыгодные торговые отношения. Эта тема изучается отечественными и зарубежными учеными. Тем не менее есть еще много неясных исторических вопросов, связанных с этой темой. Неполная публикация исторических данных - одна из основных причин такой ситуации. Наша цель - найти ответы на столь непонятные до сих пор вопросы.

Результаты исследования китайских материалов показали, что в ходе торговли между Казахским ханством и Цинской империей были созданы торговые ярмарки. Сначала ярмарки были организованы в Урумчи, далее – в Кульдже, Чугучаке, Хобде и других местах. Проведение ярмарок напрямую было связано с инициативностью казахских ханов и султанов. Казахские ханы, султаны, бии и батыры согласо-

ванно решали такие важные вопросы, как открытие торговых ярмарок, ведение торговых караванов, они всегда ставили защиту государственных интересов своей страны на первое место.

Статья написана на основе китайских источников того периода, описывает историческую роль правителей Казахского ханства в становлении и развитии торговли, включая открытие и развитие ярмарок.

Ключевые слова: Казахское ханство; Династия Цин; торговля лошадьми и шелком; торговые ярмарки; Урумчи; Или; Ховд; Чугучак (Тачен); Кашгар; Улингир.

Zh. Oshan, E.K. Belgozha

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Influence of the Kazakh khanate on the appearance of trade fairs in the Kazakh-Qing trade relations in the 50-60 years of the XVIII century

Abstract. In the second half of the 18th century trade between the Kazakh Khanate and the Qing Empire, the so-called «silk for a horse», had the status of interstate trade. This trade was shaped and developed by the needs of trading partners. The rulers of the Kazakh Khanate sought to further develop animal husbandry, which was the economic basis of the country. They sold livestock products and thereby solved market problems to meet the daily needs of the population. The Qing Empire conquered Zhonggaria and began to strengthen its power in this territory. While maintaining its power in Zhonggaria, in order to strengthen the defense and develop cattle breeding, the Qing Empire had to solve the problem of demand for all types of livestock, in particular horses. In view of the bilateral need, the issue of developing mutually beneficial trade arose. Out of this bilateral need, the two sides set out to develop mutually beneficial trade relations. This topic is being studied by domestic and foreign scientists. However, there are still many obscure historical issues surrounding the topic. Incomplete publication of historical data is one of the main reasons for this situation. Our goal is to find answers to such still obscure questions.

The results of the research work showed that fairs were created during the trade between the Kazakh Khanate and the Qing Empire. At first, fairs were organized in Urumqi, then in Gulja, Chuguchak, Khobda and other places. The holding of fairs was directly related to the initiative of the Kazakh khans and sultans. Kazakh khans, sultans, biys and batyrs agreed to solve such important issues as opening trade fairs, running trade caravans, they always put the protection of the state interests of their country in the first place.

The article is written based on Chinese sources, describes the historical role of the rulers of the Kazakh Khanate in the formation and development of trade, including the opening and development of fairs.

Keywords: Kazakh khanate; Qing Dynasty; Horse and Silk Trade; Urumqi; Trade fairs; Ili; Qobda; Tarbagatai (Tachen); Kashgar; Ulingir.

References

1 Ejenkhanuly B. Qazaq khandıǵy men Cın patshalyǵynyng sayası-diplomatıyalyq qatynastary turaly qytay muraǵat qujattary [Archival documents of China on political and diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Qing Kingdom], (Dayk-Press, Almaty, 2009, 456 p), [in Kazakh].

2 Cing Patshalyǵy orda tarihkshylare. Gaozong shilu (Uly Cing dynastiasynyng Qianlong patshanyng shynaiy jazbalary) Cing Patshalyǵy orda tarihkshylary, [Qin Kingdom horde historians. Gaozzun Shilu (true inscription of King Qianlun of the Great Qing dynasty)], (Beijing, Zhonghua shujü baspasy, 1985, 1500 p.), [in Chinese].

3 Zhang Ting yü. Huangchao wenxian tongkao (Patshalyqtyng jalpy tarihy men qujattaryna zertteu jāne syni saraptama) [Research and critical examination of the General History and documents of the kingdom], (Zhejiang guji chubanshe, Hangzhou, 2000, 300 p.), [in Chinese].

4 Wang Xi. Cingday Wulumuqi Hasake mao yi de liangge wenti [Two issues related to trade with Kazakhs in Urumqi during the Qin era]. 1991. Vol. 2. No. 2. P.79-84, [in Chinese].

5 Ejenkhanuly B. Qazaq khandyǵy men Cin patshalyǵynyng sawda qatynastary turaly qytai muraǵat qujattary [Chinese archival documents on trade relations between the Kazakh Khanate and the Qing Kingdom], (Almaty, Daik-Press, 2009, 362 p.), [in Kazakh].

6 Ejenkhanuly B. Qojabergen Batyr [Kozhabergen Batyr], (Arys, Almaty, 2017, 496 p.), [in Kazakh].

7 Zhao Weibing. Qingchao yu Hasake Han guo chu ci jianwang – Jian yi Mantai shengping [The first Barys-settlements between the Qin Kingdom and the Kazakh Khanate: about the life and story of the royal vizier Mantai], Xi-yu Yanju. 2016. No.1. P. 35-42, [in Chinese].

8 Ejenkhanuly B. Qazaq khandyǵy men Cin patshalyǵynyng sayasi-diplomatiyalıq qatynastary turaly qytai muraǵat qujattary [Archival documents of China on political and diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Qing Kingdom], (Dayk-Press, Almaty, Vol. II, 2012, 460 p.), [in Kazakh].

9 Ejenkhanuly B., Oshan Zh. Qazaq khandyǵy men Cin patshalyǵynyng sawda qatynastary turaly qytai muraǵat qujattary [Chinese archival documents on trade relations between the Kazakh Khanate and the Qing Kingdom], (Daik-Press, Almaty, Vol. II, 2012, 420 p.), [in Kazakh].

10 Ji Huang, Liu Yong. Qingchao tongzhi [Encyclopedic history of the Qing dynasty], (Shangwu yinshuguan, Shanghai, 1935-1937, 126 p.), [in Chinese].

11 Khafizova K.Sh. Tsinskaya imperiya i kazakhskiy khanstva. Vtoraya polovina XVIII - pervaya tret' XIX v. [The Qing Empire and the Kazakh Khanates. The second half of the 18th century and the first third of the 19th century.], (Nur-Sultan, 2020, 344 p.), [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Ошан Жанымхан – ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Азия-Тынық мұхит аймағы бөлімінің жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан.

Белгожа Ернұр Қуатұлы – **корреспонденция үшін автор**, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан.

Oshan Zhanymkhan – Ph.D., Head of the Asia-Pacific Region of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies MES RK, Almaty, Kazakhstan.

Belgozha Yernur Kuatuly – **Correspondence author**, Ph.D., Leading Researcher of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies MES RK, Almaty, Kazakhstan.